"Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы N 1671 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 131 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 131 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1489 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1489 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған "Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру" мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1489 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы N 1671 қаулысымен бекітілген

## "Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру" мемлекеттік қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1489 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

### 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшелері (бұдан әрі - ТЕБ ) ұсынады.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет:

1) «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 10-бабы;

2) «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 15-бабы;

3) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.29 № 879 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.29 № 879 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат:

1) Үкіметтің электрондық порталында;

2) электрондық Үкіметтің порталында;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ІІМ) веб-сайттарында (mvd.gov.kz);

4) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 855 қаулысымен;

5) облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ІІД) веб-сайттарында, осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген ТЕБ үй-жайларында, стендтерде және ақпараттық тақталарда орналастырылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 855 қаулысымен.

5. Жүргізуші куәлігін (бұдан әрі - ЖК) беру не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметтің аяқталу түрі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) тұтынушы осы Стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 6 сағаттан аспайды;

2) өтініш иесі жүгінген күні жергілікті жерде мемлекеттік қызмет көрсетілгенге дейін кезек күтудің ең жоғарғы шекті уақыты 30 минуттан аспайды;

3) өтініш иесі жүгінген күні жергілікті жерде мемлекеттік қызметті тұтынушыға қызмет көрсетудің ең жоғарғы шекті уақыты 40 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін мемлекеттік баж алынады, ол «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген ең төменгі есептік көрсеткіштің 125 пайызын құрайды.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар баждың мөлшері мен төленген күнін растайтын төлем құжатын береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.29 № 879 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Мемлекеттік қызмет аптасына бес күн көрсетіледі (сейсенбі - жұма сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, сенбі сағат 08.00-ден 16.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 12.00-ден 13.00-ге дейін). Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. ТЕБ қызмет көрсету орны ғимараттың бірінші қабатында орналасады, ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерінен бөлек кіретін есігі, күтуге арналған орындары, құжаттарды рәсімдеу үшін орындықтары, үстелдері (тіректер) бар, қажетті құжаттар тізбесі және оларды толтыру үлгілері ілінген стендтермен жабдықталған залы болады. Дене мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қызмет тікелей өтініш иесі тұратын жерде көрсетіледі.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті тұтыну үшін өтініш иесі ТЕБ қызметкеріне мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) жүргізуші куәлігін беруге арналған бланкіге толтырылған өтініш;

2) тіркеу іс-қимылдарын жасау үшін жүгінген адамның жеке басын куәландыратын құжат;

3) курстарды аяқтағаны туралы куәлік және оның көшірмесі;

4) медициналық анықтама;

5) көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, қайта даярлау ұйымдары беретін жүргізуші карточкасы;

6) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 N 1427 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Өтініштің бланкісін ТЕБ қызметкері береді, ол осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген ІІМ-нің және ІІД-нің веб-сайттарында да орналастырылған.

13. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті, осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар ТЕБ-ке тапсырылады.

14. Құжаттарды тапсырғаннан кейін өтініш иесіне (өтініш иесінің өкіліне) осы стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті барлық құжаттарды тапсырғаны туралы талон беріледі.

15. Жүргізуші куәлігі өтініш иесіне жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін ЖК беру тізіліміне қолын қойғызып беріледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден:

1) көлік құралының өтініш иесі (өтініш иесінің өкілі) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған;

2) медициналық қорытындымен расталған, көлік құралдарын қауіпсіз басқаруға кедергі келтіретін жүргізушінің денсаулығы нашарлаған;

3) уәкілетті органның (лауазымды адамның) талабы бойынша азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен сот шешімі бойынша көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған жағдайда;

4) егер өтініш иесі:

5) «А» санатындағы көлік құралдарын басқару құқығын беру кезінде 16 жасқа толмаса;

6) «В», «С» санатындағы көлік құралдарын басқару құқығын беру кезінде 18 жасқа толмаса;

7) «Д» санатындағы көлік құралдарын, троллейбустар мен трамвайларды басқаруға құқық беру кезінде жиырма бір жасқа толмаса және жүргізушінің кемінде үш жыл жұмыс өтілінің, оның ішінде кемінде бір жыл «С» санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілінің болуын растайтын құжаттарды

ұсынбаса;

8) «Е» санатындағы көлік құралдарын басқару құқығын беру кезінде кемінде он екі ай көлік құралдарын басқару өтілінің болуын растайтын құжаттарды тапсырмаса, бас тартылады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.29 № 879 ( алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 3. Жұмыс қағидаттары

17. ТЕБ қызметі тұтынушылардың конституциялық құқықтарының сақталуына негізделеді және сыпайылық, толық ақпарат ұсыну, құжаттардың сақталуын, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттық қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

## 4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшейді.

19. Мемлекеттік қызмет көрсететін ТЕБ жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері ІІМ-нің тиісті бұйрығымен жыл сайын бекітіледі.

## 5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілеттік берілген лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіруді және шағым дайындауда жәрдемдесуді осы стандарттың 4-қосымшасында көрсетілген сенім телефондары арқылы алуға болады.

21. ТЕБ қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы стандарттың 4-қосымшасында көрсетілген қалалық, аудандық ішкі істер басқармаларының ( бөлімдерінің), ІІД-нің, ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің жоғары тұрған басшылығына белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 855 қаулысымен.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда шағым ІІД-нің жол полициясы басқармасы тіркеу-емтихан бөлімшесінің бастығына жұмыс күндері беріледі.

23. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа шағымдану құқығы бар.

24. Шағым құзыретіне шағымдағы мәселелерді шешу кіретін субъектіге

немесе лауазымды адамның атына берілуі тиіс.
Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошта мекенжайы, заңды тұлғаның - оның атауы, пошта мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Шағымға тұтынушы қол қоюы тиіс. Шағым берген кезде субъектінің немесе іс-әрекетіне шағым берілетін лауазымды адамдардың лауазымы, тегі мен аты-жөндері, жүгіну себептері және талабы көрсетіледі.
25. Келіп түскен шағым ішкі істер органының ақпаратты есепке алу журналында тіркеледі және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде қаралады. Өтініш иесіне күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып, осы стандартқа 5-қосымшада көрсетілген талон беріледі.
Шағымды қарау нәтижелері туралы өтініш иесіне жазбаша түрде пошта не электрондық пошта арқылы хабарланады.
26. ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 4, кезекші бөлімнің телефоны: (7172) 71-58-68, сенім телефоны: (7172) 71-58-25.
Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 855 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 26 қазандағы
N 1671 қаулысымен бекітілген
Мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 N 304 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.08.2013 № 855 қаулыларымен.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің web-сайты | | http://www.e.gov.kz/ctitzenty/trav/ vehicles. | | |
| Аймақ | ТЕКП | Мекен-жай | телефон | web-сайт |
| Астана қаласы | ІІМ ӘПК ТЕП | Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 4. | 71-58-30, 71-58-14 | |
| | ІІД ЖПБ ТЭБ | Алматы ауданы, Жетіген көшесі, 35 | 71-69-90 53-22-40 | http:// www.ast_guvd.mvd.kz |
| | Алматы қаласының ІІД ЖПБ ТЕЖБ | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 185 «В» | 2544525 2544541 2544551 | |
| | АТЕП-1 | Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, 176 «А» | 3973387 3973384 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Алматы қаласы | АТЕП-2 | Алматы қаласы, Сүйінбай көшесі 2 | 2 7 0 5 9 1 1 2705912 | http://www. almaty.police.kz |
| | АТЕП-3 | Алматы қаласы, Алматы-Бішкек тас жолы, 13 шақырым | 3510298 | |
| | АТЕП-4 | Алматы қаласы, Төлеби көшесі 296 | 3 1 5 0 2 5 6 3510247 | |
| | ТП-1 (мемлекеттік көлік) | Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, 176 «А» | 3973382 | |
| | ТП-2 | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі 185 | 2544518 | |
| | ТП-3 | Алматы қаласы, Мамыр-4 шағын ауданы, 165 үй | 3 8 0 0 2 3 0 3800232 | |
| | ОТЕЖБ есептік тобы | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі 185 | 2544558 | |
| | ОТЕЖБ емтихандық топ | Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі 185 | 2544543 | |
| | Арнайы ТЕБ | | 2 5 7 9 0 5 4 2579374 | |
| Ақмола облысы | ІІД ЖПБ ТЭБ | Көкшетау қаласы, Уәлиханов көшесі 179 | 8(7162)29-98-10, 29-98-21 | http://www.akmdvd. online.kz |
| | ІІД ЖПБ АТЕБ | Астана қаласы, Ақжол көшесі 18/а | 8(7172)54-61-77 | |
| | Аққөл АІІб АТЕБ | Аққөл қаласы, Парк көшесі 2 | 8(71638)2-16-38 | |
| | Атбасар АІІб АТЕБ | Атбасар қаласы, Урицкий көшесі 38 | 8(71643)4-29-43 | |
| | Жарқайың АІІб ТП | Державинск қаласы, Захаров көшесі 33 | 8(71648)9-21-99 | |
| | Есіл АІІб АТЕБ | Есіл қаласы, Жеңіс көшесі 58 | 8(71647)2-22-77 | |
| | Степногор қаласының ІІБ АТЕБ | Степногор қаласы, 5 шағын аудан | 8(71645)5-91-22 | |
| | Бурабай АІІб АТЕП | Шучье қаласы, Абылай хан көшесі 1а | 8(71636)4-25-22 | |
| | Орталық ТЕБ, Талдықорған қаласы, 7 шағын аудан, ІІД ЖПБ ғимараты | ҚІІБ, Талдықорған қаласы, Абай көшесі 249 | 8(7282)27-05-72, 21-18-24 | |
| | Талғар АІІБА АТЕБ, Гүлдала кенті, Алматы-Кокпек-Көктап тас жолы, ЖПБ | Талғар ауданының АІІБ, Талғар қаласы, Абылай хан көшесі, 120 | 8(7272)57-43-06 , 57-33-80 | |
| | Қапшағай ҚІІБ ЖП АТЕБ, Қапшағай қаласы, Сейфуллин көшесі 36 | Қапшағай қаласының ҚІІБ, Қонаев көшесі 14 | 8(72772) 4-24-88 | |
| | Еңбекшіқазақ АІІБ АТЕБ, Есік қаласы | | 8(7275)4-22-59 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Алматы облысы | Алтын Адам аллеясы 163 | Еңбекшіқазақ ауданының АІІБ, Есік қаласы, Топатаев көшесі, 105а | | http://www.zhetisu-police.kz |
| | Шелек селосы ТЭП, Шелек селосы, Имамниязов көшесі 1 | Еңбекшіқазақ ауданының АІІБ, Шелек селосы, Б.Момышұлы көшесі 97 | 8 (72776) 2-08-64 | |
| | «Меркур» АТЕП, Алматы қаласы, Майлин көшесі 79 | Іле ауданының АІІБ, Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі, 14 | 8(7272)251-25-69 | |
| | Сарқанды қаласының АТЕБ, Сарқанды қаласы Тәуелсіздік көшесі 126 | Сарканд ауданының АІІБ, Сарқанд қаласы, Жамбыл көшесі 42 | 8(7283)92-15-84 | |
| | Панфилов АІІб АТЕБ, Жаркент қаласы, Қонаев көшесі 309 | Жаркент ауданының АІІБ, Жаркент қаласы, Жансүгіров көшесі 102 | 8(7283) 15-28-27 | |
| | «Шонжы» ТЕП Шонжы селосы, Исламов көшесі 40 | Ұйғыр ауданының АІІБ, Шонжы селосы, А. Арзиев көшесі 51 | 8(722778)2-36-53 | |
| | Қарасай АІІБ АТЕБ, Қаскелең қаласы, Наурызбай батыр көшесі 1а | Қарасай ауданының АІІБ, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі 98 | 8(7272)98-36-07 | |
| | «Барыс» ТП Алматы-Бішкек тас жолының 23 км «БН автомобиль базары», Көбелеков көшесі, 1а | Қарасай ауданының АІІБ, Қаскелең қаласы, Абылай хан көшесі 98 | 8(7272)98-55-04 | |
| | «Жаксылық» ТП, Қапшағай көшесі 28 | Іле ауданы, Өтеген батыр кенті , Батталханов көшесі 14 | 8(7272)51-12-65 | |
| | ЖП ЖТЕП, Жылжымалы ЖТЕП, Гүлдала кенті | Жылжымалы пункт | | |
| Атырау облысы | ІД ЖПБ ТЕЖБ | Атырау қаласы, СПМ-136, Гогичашвили көшесі 25 | 8 (7122) 98-17-07, 98-17-15, 98-17-37 | http://www.dvd-atyrau.kz |
| | ІД ЖПБ ТЕП | Атырау қаласы, Элеваторная көшесі, 7 а, «БИПЕК Авто» ЖШС ғимараты | 8 (7122) 30-16-52, 75-51-44 | |
| | Жылыой АІІб ТЕП | Құлсары қаласы, Бисенқұлов көшесі, 64 | 8(71237) 5-19-21 | |
| | Құрманғазы АІІб ТЕП | Ганюшкино селосы, Абай көшесі 37 | 8(71233) 2-14-79 | |
| | ІД ЖПБ ТЕБ | Ақтөбе қаласы, Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы 56 | 8(7132)51-84-24, 51-28-26 | |
| | Хромтау АІІб АТЕТ | Хромтау қаласы, Абай даңғылы 11 | 8(71336)21-6-98 | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ақтөбе облысы | Мұғалжар АІб АТЕТ | Қандыағаш қаласы, Жамбыл көшесі 74а | 8(71333)36-4-48 | http://www. dvdaktobe.kz |
| | Шалқар АІб АТЕТ | Шалқар қаласы, Есет батыр көшесі 88 | 8(71335)2-33-80<br>2-20-90 | |
| | Темір АІб АТЕТ | Шұбарқұдык кенті, Желтоқсан көшесі 6 | 8(71346)2-23-72 | |
| Шығыс Қазақстан облысы | ІІД ЖПБ ТЕБ | ШҚО, Өскемен қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 73/1 | 8 (7232) 77-46-86,<br>77-69-88 | http://www.02vko.kz |
| | ТП № 1 | ШҚО, Өскемен каласы, Объездное тас жолы, 2 | 8 (7232)-230537 | |
| | ТП № 2 | ШҚО, Өскемен каласы, Тәуелсіздік даңғылы 92/1 | 8(7232)-753744 | |
| | ТП № 3 | ШҚО, Өскемен каласы, Абай даңғылы 97 | 8(7232)-753744 | |
| | Семей қаласы ІІБ ТЕБ | Семей қаласы, Морозов көшесі 5 | 8 (7222) 56-67-22 | |
| | Семей қаласы ІІБ № 1 ТП | Семей қаласы, Қаржаубайұлы, 249 | 8(7222)51-53-66 | |
| | Бородулиха АІб ТЕП | Бородулиха селосы, Мир қиылысы, 14 | 8 (72351)-21287 | |
| | Жарма ауданы АІб ТЕП | Қалбатау селосы, Бабатайұлы көшесі 34 | 8 (72347) 6-57-59 | |
| | Аягөз АІб ТЕП | Аягөз қаласы, Тәңірбергенов көшесі 68 | 8(72837)3-34-41 | |
| | Қатон-карағай АІб ТП | Үлкен Нарын селосы, Абай көшесі, 1 | 8 (723)41-21908 | |
| | Көкпекті АІб ТЕП | Көкпекті ауылы, Ленин көшесі 33 | 8(72348)2-72-11 | |
| | Зайсан АІб ТЕП | Зайсан қаласы, Баязи Сәтпаев көшесі 12 | 8(72340) 2-52-50 | |
| | Риддер ҚАІб ТЕП | Риддер қаласы, Безголосов көшесі 11 | 8(72336)2-24-74 | |
| | Зырян ҚАІб ТЕП | Зырян қаласы, М. Горький көшесі 97 | 8(72335)6-04-02 | |
| | Үржар АІб ТЕП | Үржар ауылы Абылай хан көшесі 237 | 8(72330)2-19-37 | |
| | Шемонаиха АІб ТЕП | Шемонаиха қаласы, М.Горький көшесі 97 | 8(72332)3-09-07 | |
| | Тараз қаласы ЖПБ ТЕЖБ | Тараз қаласы, Сүлейманов көшесі 98 үй | 8 (7262)-57-64-74<br>57-65-08 | |
| | Қордай АІб ТЕП | Қордай ауылы, Молдағұлова көшесі 10 | 8(72636)2-18-80 | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жамбыл облысы | Шу АІб ТЕП | Төле би ауылы, Сәтпаев көшесі 198 | 8(726-43) 2-20-51 | http://www. tarazpolice.kz |
| | Мерке АІб ТЕП | Мерке қаласы, Сарымолдаев көшесі 198 | 8(726-32) 2-26-32 | |
| | Талас АІб, ТЕБ | Қаратау қаласы, Жамбыл көшесі, 30 | 8(726-44) 6-12-78 | |
| | Т. Рысқұлов АІб ТЕП | Құлан ауылы, Жібек-Жолы көшесі 57 | 8(726-31) 2-12-70 | |
| | Сарысу АІб ТЕП | Жаңатас қаласы, 1 шағын аудан, 4 үй, 18 | 8(726-34) 6-10-28 | |
| Батыс Қазақстан облысы | Мойынқұм АІб ТЕП | Мойынқұм ауылы, 64 | 8(726-42) 2-49-02 | http://www. zkopolice.kz |
| | Бөрлі АІб АТЕБ | Ақсай қаласы, 2 шағын аудан 7 | 8(7113) 330133 | |
| | Қазталов АІб АТЕБ | Қазталов кенті, Желтоқсан көшесі 20 | 8(7114) 431250 | |
| Қарағанды облысы | ІІД ЖПБ ТЕБ | Қарағанды қаласы, Прогресс көшесі 1 | 8(7212)41-53-90 | http://www.krgdvd. creatida.kz |
| | Теміртау қаласы ІІБ ТЕБ | Теміртау қаласы, Мичурин көшесі 8 | 8(7213)98-74-57 | |
| | Абай ауданы ІІБ ТЕБ | Абай қаласы, 3 шағын аудан, 42 үй | 8(72131)4-37-67 | |
| | Жезказған қаласы ІІБ ТЕБ | Жезказған қаласы, Сәтпаев көшесі 80 | 8(7102)72-44-11 | |
| | Балқаш қаласы ІІб ТЕБ | Балқаш қаласы, Язев көшесі 13 | 8(71036)4-03-46 | |
| | Осакаровка АІІБ ТЕБ | Осакаровка кенті, Литвиновская көшесі 93 | 8(72149)4-11-00 | |
| | Қарқаралы АІІБ ТЕБ | Қарқаралы қаласы, Әуезов көшесі 40 | 8(72146)3-25-85 | |
| | Жаңарка АІб ТЕТ | Атасау кенті, тәуелсіздік даңғылы 10а | 8(710-30)-28-442 | |
| | «АвтоСтар» ТП | Қарағанды қаласы, Университет көшесі 28/3 | 8(7212)90-91-76 | |
| | «АвтоМир» ТП | Қарағанды қаласы, Тәттімбет көшесі 10/5 | 8(7212)33-39-89 | |
| | «Қамқор» ТП | Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі 108 | 8(7212)44-17-55 | |
| | «Жаңа-Арнау» ТП | Қарағанды қаласы, Стартовый киылысы 61/1 | 8(7212)42-87-88 | |
| | ІІД ЖПБ ТҚ және ТЕЖБ | Қостанай қаласы, Карбышев көшесі 45/3 | 8(7142)280506, 281487, 287787 | |
| | Рудный қаласы ТЭБ | Рудный қаласы, автовокзал ауданы, Toyota орталығы | 8(31431)40664, 46246 | |
| | Арқалық қаласы ІІБ ТЕБ | Арқалық қаласы, Молодежная көшесі 10 | 8(71430)70818, 70869 | |
| | Лисаковск қаласы ҚІб ЖПБ ТЕП | Лисаковск қаласы, 1А-6 шағын ауданы | 8(71433)30202, 37757 | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қостанай облысы | Жітіқара АІб АТЕП | Жітіқара қаласы, 5В-18 шағын ауданы | 8(71435)20911 | http://www.kostanaypolice.kz |
| | Қарабалық АІб ЖПБ ТЕП | Қарабалық кенті, Ничепуренко көшесі 3 | 8(71441)33291 | |
| | Федоров АІб ЖПб ТЕП | Федоровка кенті, Красноармейская көшесі, 56 | 8(71442)21187 | |
| | Ұзынкөл АІб ЖПб ТЕП | Ұзынкөл кенті, Абылай хан көшесі 34 | 8(71444)24178, 24696 | |
| | Әулиекөл АІб ЖПб ТЕП | Әулиекөл кенті, Целинная көшесі 7 | 8(71453)21041 | |
| | Қостанай АІб ЖПб ТЕП | Затоболск кенті, Механизаторлар көшесі 2а | 8(714)425832 | |
| | Меңдіқара АІб ЖПБ ТЕП | Боровской кенті, Абай көшесі 95 | 8(71443)21445, 21564 | |
| Қызылорда облысы | ІІД ЖПБ ТЕБ | Қызылорда қаласы, Жібек-Жолы көшесі нөмірсіз | 8(7242)29-77-15 29-77-13 | http://www.dvdkzo.kz |
| | Арал ауданы АІб ТЕТ | Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі № 27 | 8(72433)2-31-80 | |
| | Қазалы ауданы АІб ТЕТ | Әйтеке би кенті, Біржан сал көшесі № 46 | 8(72438)2-16-40 | |
| | Қармақшы ауданы АІб ТЕТ | Жосалы кенті, Көшербаев көшесі № 36 | 8(72437)21 1 89 | |
| | Жалағаш АІб ТЕТ | Жалағаш кенті, желтоқсан көшесі № 1 | 8(7243)13-25-25 | |
| | Сырдария АІб ТЕТ | Тереңөзек кенті, Амангелді көшесі № 47 | 8(72436)21-2-48 | |
| | Шиелі АІб ТЕТ | Шиелі кенті, Мұстафа Шоқай көшесі № 5 | 8(72432) 4-22-50 | |
| | Жаңакорған ауданы АІб ТЕТ | Жаңақорған кенті, Қожанов көшесі нөмірсіз | 8(72435)2-21-40 | |
| Маңғыстау облысы | ІІД ЖПБ орталық ТЕБ | Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, ЖПБ ғимараты | 8 (7292) 60-53-86 | http://mdvd.kz |
| | ІІБ ЖПБ АТЕТ | Жаңаөзен қаласы, Губкина көшесі, 20 | 8 (72931) 32-8-35 | |
| Павлодар облысы | Павлодар облысының ІІД ЖПБ ТЕЖБ | Павлодар қаласы, Торговая көшесі 2 | 8(7182)-33-37-66 | http://www.dvdpavlodar.kz |
| | Павлодар облысы ІІД ЖПБ ТЕЖБ бөлімшесі | Екібастұз қаласы, Открытый проезд көшесі, 9 | 8(7187)-34-03-85 | |
| | Ақсу ІІБ АТЕТ | Аксу қаласы, Воксальная көшесі, 16 | 8(7183)-76-62-07 | |
| | Ертіс ауданы ІІБ АТЕТ | Ертіс ауданы, Ертіс селосы, Ыскақов атындағы көше 95 | 8(7183)-22-16-29 | |
| | ІІД ЖПБ ТЕЖБ | Петропавл қаласы, Володарский көшесі 18 | 8(7152)-61-25-46 | |
| | ТП-1 Петропавл | Петропавл қаласы, Володарский көшесі 18 | 8(7152)-61-25-46 | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Солтүстік Қазақстан облысы | ТП-2 Петропавл | Петропавл қаласы. Ж. Жабаев көшесі, 294 | 8 ( 7 1 5 2 0 ) 47-34-73 | http://police.sko.kz |
| | Айыртау АІб ТЕТ | Саумалкөл қаласы, Уәлиханов көшесі 24 | 8 71533-2-18-85 | |
| | Тайынша АІб ЖП АТЕБ | Тайынша қаласы, Күншығыс көшесі 102 | 8(71536)-2-22-55 | |
| | Уәлиханов АІб ЖП АТЕТ | Кішкенекөл ауылы, Уәлиханов көшесі 88 | 8(71542)-2-11-84 | |
| | Қызылжар ТЕТ | Бескөл ауылы, Гагарин көшесі, 8 | 8(7153)82-00-75 | |
| | Мамлютка ауданы ІІБ ТЕП | Мамлютка каласы, Ленин көшесі 45 | 8(7154)12-19-96 | |
| | Шал-Ақын ауданы ІІБ ЖПБ ТЕТ | Сергеевка қаласы, Шал-Ақын көшесі 14 | 8(71534)-2-06-76 | |
| | Ғ. Мүсірепов ауданы ІІБ ТЕТ | Новоишимское ауылы. Абылайхан көшесі 59 | 8(71535)-2-19-14 | |
| | Есіл ауданы ІІБ ЖП ТЕТ | Явленка ауылы, Ыбыраев көшесі 13 | 8(71543)-2-23-82 | |
| | Жамбыл ауданы ТЕП | Пресновка каласы, Достық көшесі 17 | 8(71544)-2-27-01 | |
| | М.Жұмабаев атындағы аудан ІІБ ЖПБ ТЕТ | Булаево қаласы, Юбилейная көшесі, 54 | 8(7153)12-11-78 | |
| ОҚО | ОҚО ІІД ЖПБ ТЕБ | Шымкент қаласы Қожанов көшесі нөмірсіз | 8(7252)-53-52-52 | http://www.dvd-uko.kz |
| | ТП № 1 | Шымкент қаласы, Ташкент көшесі, нөмірсіз | 8(7252)-50-50-30 | |
| | ТП № 2 | Шымкент қаласы, Темірлан тас жолы № 62 | 8(7252)-33-02-23 | |
| | ТП № 3 | Шымкент қаласы, Сайрам көшесі 190 | 8(7252)51-92-91 | |
| | Бәйдібек АІб АТЕБ | Бәйдібек ауданы, Екпінді ауылы, абай көшесі нөмірсіз | 8(7253)02-13-58 | |
| | Мақтааралы АІБ АТЕБ | Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Ташкент көшесі нөмірсіз | 8(7254)13-22-02 | |
| | Сайрам АІБ АТЕБ | Аксукент ауылы, Қарабұлақ тас жолы, нөмірсіз | 8(7253)12-00-04 | |
| | Сарыағаш АІБ АТЕБ | Сарыағаш қаласы, Ташкент көшесі нөмірсіз | 8(7253)72-53-01 | |
| | Түркістан АІБ АТЕБ | Кентау қаласы, Абай даңғылы нөмірсіз | 8(7253)631515 | |
| Байқоңыр қаласы | ТЕП 1 | Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Абай көшесі 36 | 8(736-22)-5-27-84 | |
| Курчатов қаласы | ТЕП | Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласы, Абай көшесі 42 | 8 (7222)2-29-81 | |
| Приозерск қаласы | ТЕП | Қарағанды облысы, Приозерск қаласы Достық көшесі 6 | 8(7103)955-49-89 | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 26 қазандағы
N 1671 қаулысымен бекітілген
Мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына
2-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қабылдау туралы №_____ ТАЛОН

___________________________________________________________________________

(Өтініш иесінің Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

1.____________________________________________________________

2.____________________________________________________________

3.____________________________________________________________

4.____________________________________________________________

5.____________________________________________________________

6.____________________________________________________________

7.____________________________________________________________

8.____________________________________________________________

9.____________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Қабылдаған:

___________________________/_____________________/______________

(ТЕб қызметкерінің лауазымы, атақ) (қолы) (ТАӘ )

_________ жылғы «_______»_________________

Берілген күні мен уақыты___сағ_______мин «____»_______ _____жыл

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 26 қазандағы
N 1671 қаулысымен бекітілген
Мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына
3-қосымша

| Сапасы мен қол жетімділігінің көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативтік мәні | Алдағы жылы көрсеткіштің мақсатты мәні | Есепті жылдағы көрсеткіштің ағымдағы мәні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылығы | | | |
| 1.1. құжатты тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының % (үлесі) | | | |
| 2. Сапасы | | | |
| 2.1. қызмет көрсету процесіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі) | | | |
| 3. Қол жетімділігі | | | |
| 3.1. қызмет көрсету сапасы мен оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратта қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі) | | | |
| 3.2. ақпараты электрондық форматта қолжетімді қызметтердің % (үлесі) | | | |
| 4. Шағымдану процесі | | | |
| 4.1. қазіргі шағымдану тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі) | | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі) | | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 26 қазандағы
N 1671 қаулысымен бекітілген
Мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына
4-қосымша

| Облыстардың қалалардың атауы | Мекенжайы, орналасқан жері | К/бөлімнің телефоны | Сенім тел. |
|---|---|---|---|
| | ІІМ Астана қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 1 | 87172-14007 714008 | 722493 |
| | Астана қаласы ЖПК, Ш. Айманов көшесі, 4 | 715868 | 715825 |
| | Астана қаласы ӘПК (Арнайы полиция), Тәуелсіздік көшесі , 1 | 714082 | 722493 |
| Астана | Астана қаласының ІІД, Бейбітшілік көшесі, 19 | 87172-323940 | 716161 |
| | Астана қаласының ІІД ЖПБ, Промзона көшесі, 35 | 532300 | 532253 |
| Алматы | Алматы қаласының ІІД, Масанчи көшесі, 57 | 8727-2544007 | 2636362 |
| | Алматы қаласының ІІД ЖПБ, Байтұрсынов көшесі, 185 | 2544544 | 2610606 |
| Ақмола | ІІД Көкшетау қаласы, Горький көшесі, 35 А | 87162-251696 | 232870 |
| | Көкшетау қаласының ІІД ЖПБ, Уәлиханов көшесі, 179 | 770475 | 771283 |
| | ІІД Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі 91/95 | 87282-600008 | 273055 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Алматы | Талдықорған қаласының ІІД ЖПБ, 7-шағын ауданы, ЖПБ ғимараты | 270572 | 222203 |
| Ақтөбе | ІІД Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 271 А | 87132-513837 | 520514 |
| | Ақтөбе қаласының ЖПБ, Ә. Молдағұлова көшесі, 56. | 518424 | 518366 |
| Атырау | ІІД Атырау қаласы, Азаттық көшесі, 85 | 87122-982015 | 251015 |
| | Атырау қаласы ЖПБ, Гогичашвили көшесі, 25 | 301020 | 300268 |
| Шығыс Қазақстан | ІІД Өсксмен қаласы, Ворошилов көшесі, 1 | 87232-488802 | 242525 |
| | Өскемен қаласының ЖПБ, Тәуелсіздік даңғылы, 73/1 | 774686 | 777118 |
| Жамбыл | ІІД Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 89 | 87262-430522 | 430666 |
| | Тараз қаласының ЖПБ, Сүлейманов көшесі, 98 | 343734 | 576414 |
| Батыс Қазақстан | ІІД Орал қаласы, Пугачев көшесі, 45 | 87112-510450 | 505431 |
| | Орал қаласының ЖПБ, Гагарин көшесі, 2/5 | 249225 | 540880 |
| Қарағанды | ІІД Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 37 | 87212-429025 | 429292 |
| | Қарағанды қаласының ЖПБ, Прогресс көшесі, 1 | 415555 | 415383 |
| Қостанай | ІІД Қостанай қаласы, Баймағанбетов көшесі, 197 | 87142-532626 | 526350 |
| | Қостанай қаласының ЖПБ, Абай даңғылы, 39 | 280250 | 526197 |
| Қызылорда | ІІД Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 18 | 87242-272876 | 272368 |
| | Қызылорда қаласының ЖПБ, Жібек жолы көшесі, нөмірсіз | 232066 | 212602 |
| Маңғыстау | ІІД Ақтау қаласы, 12-шағын аудан | 87292-421570 | 421571 |
| | Ақтау қаласының ЖПБ, 23-шағын аудан ЖПБ ғимараты | 212555 | 605406 |
| Павлодар | ІІД Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 50 | 87182-323983 | 391243 |
| | Павлодар қаласының ЖПБ, Торговая көшесі, 2 | 333756 | 333806 |
| Солтүстік Қазақстан | ІІД Петропавл қаласы, Конституция көшесі, 51 | 87152-394007 | 612008 |
| | Петропавл қаласының ЖПБ, Володарский көшесі, 18 | 463095 | 493247 |
| Оңтүстік Қазақстан | ІІД Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 13 | 87252-212041 | 212187 |
| | Шымкент қаласының ЖПБ, Қожанов көшесі, нөмірсіз | 535252 | 536551 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 26 қазандағы
N 1671 қаулысымен бекітілген
Мемлекеттік қызмет
көрсету стандартына
5-қосымша

**Талон** ______________________________
(субъектінің атауы)
Өтінішті қабылдаған ________________________________________
(маманның Т.А.Ә)
20___жылғы «_________» __________ ___сағ. ________мин.

(мөлшері 75 мм х 55 мм)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК